

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

*Айдналиева, Н.,
п.ғ.к., Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институты
психология-педагогика факультетінің деканы,
Қостанай, Қазақстан*

ЕЛГЕ СІҢІРГЕН ЕҢБЕК – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ



2017 жылдың 12 сәуірінде Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарық көрді. «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылатын «Туған жер» бағдарламасы өскелең ұрпақтың отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға бағытталған. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мақаласында «Отансүйгіштік сезімнің кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталатындығын» жазды [1].

Адамзаттың даму тарихына тереңдеп қарайтын болсақ, халық – жұрт жұмысына бүтіндей беріліп, елі үшін еңбек еткен ұл-қыздарын пір тұтып, оларды мадақтай білген. Әрі ұрпақ тәрбиесінде белгілі тұлғалардың тыныс-тірлігін тәлім еткен.

Қазақ халқының батыр қызы, даңқты механизатор, тың игеруші, Социалистік Еңбек Ері, Ленин орденінің иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Камшат Байғазықызы Дөненбаеваның тағдыры отансүйгіштіктің жарқын үлгісі. Камшат Байғазықызының өмір жолы жастар үшін өнеге және өмірлік бағыт ретінде танылуы тиіс. Камшат Дөненбаеваның еңбек жолы ерте басталды. Отбасы қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жетінші сыныптан кейін жұмыс жасай бастады. Марапат үшін емес, халықты нанмен қамтамасыз ету үшін тынбай еңбектенді. Камшат Байғазықызы «... дастарқанда нан болу үшін егін егіп, оны өсіру қажет» деп үнемі айтатын. 19 жасында жоспарланған 720 га орнына 1018 га жер жыртып, жыл сайынғы жоспарды асыра орындап, 150-200 пайыздық көрсеткіштерге ие болатын. Күзгі астық жинау барысында тәулік бойы жұмыс жасайтын. Кейбіреулердің төзімі жетпейтін, бірақ Камшат Дөненбаева сыр білдірген емес. Отансүйгіштік сезімін сөзбен емес, іс жүзінде дәлелдеп, ауысымдық жұмыс жоспарын үш-төрт есе артық орындайтын. 1972 жылы соқамен жер жыртуда әйел механизаторлар арасында өткізілген облыстық жарыста бірінші орынға, республикалық жарыста үшінші орынға, 1973 жылы Ростов облысындағы зерноградта бүкілодақтық жарыста жүлделі орынға ие болған.

1975 жылдың 10 ақпанында тоғызыншы бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындағаны және еңбектегі жетістіктері үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен Ленин ордені табысталып, Социалистік Еңбек Ері атағы берілді және «Орақ пен Балға» алтын медалімен марапатталды.

Камшат Дөненбаева қазақ қыздарының ауыл шаруашылық техникаларын меңгеруіне үлгі-өнеге және себепкер болды. Республика бойынша тракторшы қыздар комсомол-жастар бригадалары құрылды. Отанымыздың өркендеуі үшін елеулі еңбек жасаған Социалистік Еңбек Ері берекелі отбасын құрып, талапты ұл-қыз тәрбиелеп өсірді.

Ол, әйел бақытын – тату-тәтті отбасын құру, ал өмірдегі басты құндылық – елге сіңірген еңбек – деп санады.

2013 жылы Халықаралық әйелдер күні мейрамының қарсаңында Кәмшат апаймен Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының психология-педагогика факультеті студенттерімен сәтті кездесу өтті. Камшат апа біздің жоғары оқу орнымыздың оқытушылары және студенттерімен кездесуде: «Біз бір-бірімізді қорғап, бағалап, өзіміз және жақындарымыз бен туған-туысқандарымыз үшін жауапкершілікті сезінуіміз қажет» деп сөзін бастады. Студенттер тарапынан Кәмшат апайға оның өмірі жайында біршама сұрақтар қойылды. Өз естеліктерімен бөлісу барысында атақты механизатор тағдырына еш мойымайтындығын, елі үшін аянбай еңбек жасағандығын баяндады. «Әрбір адам өмірге өз парызын өтеу үшін келеді» – бұл парыз аянбай еңбек жасап, өмірді жақсартуға талпыну. Біз, аға ұрпақ өмірдің қиын кезеңдерін бастан өткердік. Қазір Қазақстанда адамдардың толыққанды, жан-жақты өмір сүруіне барлық мүмкіндіктер жасалғандығын зор мақтаныш санаймын» – деген сөздерімен өзінің ойын аяқтады.



Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты оқытушылары мен студенттерінің даңқты механизатор, тың игеруші, Социалистік Еңбек Ері, Ленин орденінің иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Камшат Байғазықызы Дөненбаевамен кездесуі

2017 жылдың 9 қарашасында Камшат Дөненбаева өмірден озды. Еліміздің атақты тұлғасы туралы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының Камшат Байғазықызының туған-туысқандарына жолдаған жеделхатта: «Кәмшат Байғазықызы көп жылдар бойы механизатор болып еңбек етіп, жер жырттып, астық өсіріп, еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосты. Кезінде басқа да бірқатар қыздар Кәмшатқа еліктеп, механизаторлық мамандықты таңдап, еліміздегі бүгінгі береке мен молшылықтың негізін қалады. Бойында қазақ әйеліне тән ақыл мен парасат, еңбекке деген қажыр мен қайрат шебер үйлесім тапқан Кәмшат Дөненбаеваның есімін, оның атқарған істері мен жарқын дидамын қазақстандықтар әрдайым жадында сақтайды деп сенемін» – делінген. Бүгінде саяси, макроэкономикалық үдерісті тұрақтандыру үшін рухани даму аса қажет. Рухани даму әлемдік өркениет негіздерінің біртұтастығының сақталуына кепіл болып, кемел болашаққа сенім тудырып отыр. Камшат Дөненбаеваның жарқын бейнесі және ғұмыр жолы – жас ұрпаққа Туған жер үшін аянбай қызмет етудің ұлағатты үлгі боларлық өнегесі.

Әдебиет тізімі

1 Назарбаев, Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [Электрондық ресурс] / KazInform: халықаралық ақпарат агенттігі. – URL: www.inform.kz/kz/modern_t7106.

2 «Кәмшат Дөненбаева» библиографиялық көрсеткіші жарық көрді» [Электрондық ресурс] / KazInform: халықаралық ақпарат агенттігі. – URL: http://www.inform.kz/kz/kamshat-donenbaeva-bibliografiyalyk-korsetkishi-zharyk-kordi_a2605251

3 Встреча с легендой [Электронный ресурс] / Сайт Костанайского государственного педагогического института. – URL: <https://www.kspi.kz/ru/science/mass-media-about-us/4149-vstrecha-s-legendoj>.